

Төлем тапсырмаларды, төлемдік талап-тапсырмаларды, инкассалық өкімдерді ресімдеу, пайдалану және орындау жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 ж. 25 сәуірдегі № 179 Қаулысы

(2013.26.04. берілген [өзгерістер мен толықтырулармен](#))

ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 2013.26.04. № 117 [Қаулысымен](#) тақырыбы жаңа редакцияда ([бұр.ред.қара](#))

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2011.30.05. № 52 [Қаулысымен](#) 2012 жылғы 1 қаңтарға дейін «ЖСН (БСН)», «БСН» деген аббревиатуралар «СТН» деген аббревиатура болып, «Жеке сәйкестендіру нөмірі», «жеке сәйкестендіру нөмірін» деген сөздер «Әлеуметтік жеке код», «әлеуметтік жеке кодты» деген сөздер болып, «клиенттің сәйкестендіру нөмірі», «бизнес - сәйкестендіру нөмірі» деген сөздер «салық төлеушінің тіркеу нөмірі» деген сөздер болып саналады

Қазақстан Республикасындағы төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыруды қамтамасыз ететін нормативтік құқықтық актілерді «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне банк құпиясы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2000 жылғы 29 наурыздағы Қазақстан Республикасының [Заңына](#) сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 2013.26.04. № 117 [Қаулысымен](#) 1-тармақ жаңа редакцияда ([бұр.ред.қара](#))

1. Қоса беріліп отырған Төлем тапсырмаларын, төлемдік талап-тапсырмаларын инкассалық өкімдерді ресімдеу, пайдалану және орындау жөніндегі [нұсқаулық](#) (бұдан әрі - Нұсқаулық) бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап екі апталық мерзім өткеннен кейін күшіне енгізілсін..

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2006.12.08. № 74 [Қаулысымен](#) 2-тармақ өзгертілді ([бұр. ред. қара](#))

2. Төлем жүйесі басқармасы (Мұсаев Р.Н.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік [тіркеуден](#) өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастан екі апталық мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық филиалдарына және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Е.Т. Жанкелдинге жүктелсін.

**Ұлттық Банк
Төрағасы**

Г.А. Марченко

ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 2013.26.04. № 117 Қаулысымен тақырыбы жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

Төлем тапсырмаларды, төлемдік талап-тапсырмаларды, инкассалық өкімдерді ресімдеу, пайдалану және орындау жөніндегі нұсқаулық

1-бөлім. Жалпы ережелер

ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 2013.26.04. № 117 Қаулысымен 1-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

1. Осы Нұсқаулық ақшаның қолма-қол жасалмайтын төлемдері мен аударымдарын жүзеге асыру кезінде төлем тапсырмаларды, төлемдік талап-тапсырмаларды, инкассалық өкімдерді ресімдеу, пайдалану және орындау тәртібін нақтылайды.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.12.00 ж. № 488; 18.01.02 ж. № 20 қаулыларымен 2-тармақ өзгертілді; ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 2013.26.04. № 117 Қаулысымен 2-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

2. Осы Нұсқаулық ақшаны жөнелтуге банк шотын ашпай ақша төлемдерін және аударымдарын жасаумен, қолма-қол ақша өткізу жолымен жүзеге асырылатын төлемдермен, сондай-ақ төлем карточкасының көмегімен аударымдарды жүзеге асырумен байланысты қатынастарға қолданылмайды.

Осы Нұсқаулық клиент және оған қызмет көрсететін банк арасындағы шартқа сәйкес жасалатын:

1) осы банктегі бір клиенттің иелігіндегі банк есепшоттары бойынша;

2) клиенттің банк есепшоттары бойынша солардың есебіндегі ақша сомаларының өзгерістерін бухгалтерлік есепте көрсету, оның ішінде тиесілі сыйақыны көрсету үшін банк жүргізетін;

3) клиенттің банктік есепшотына қызмет көрсеткені үшін банктің комиссиялық алымдарды алуы бойынша қолма-қол жасалмайтын төлемдерді жүзеге асыруды реттемейді (төлем құжаттарын қайтарып алу немесе орындауды тоқтата тұру туралы өкімдерді ресімдеуден басқа).

ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 2013.26.04. № 117 Қаулысымен 3-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

3. Осы Нұсқаулықта «Ақша төлемдері мен аударымдары туралы» 1998 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының **3-бабында** көрсетілген негізгі ұғымдар, сондай-ақ мынадай ұғымдар қолданылады:

1) валюталау күні - бастамашы өзінің төлем тапсырмасында көрсеткен және «валюталау күні» деп аталған бенефициар ақшаны алуы тиіс күн;

2) дебеттік аударымдар - ақша жөнелтуші төлеуі үшін бенефициардың банкке төлем құжаттарын ұсынуы жолымен жүргізілетін қолма-қол жасалмайтын төлемдер;

3) кредиттік аударымдар - бастамашының алушы-банкке төлем тапсырмасын ұсынуы жолымен жүргізілетін қолма-қол жасалмайтын төлемдер;

4) төлем құжаты - азаматтық-құқықтық мәмілелердің, шарттардың талаптарына, Қазақстан Республикасы заңдарының нормаларына және соттың шешімдеріне сәйкес ақша міндеттемесін орындауға негіз болатын немесе жасауға көмектесетін құжат;

5) ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 2013.26.04. № 117 **Қаулысымен** алып тасталды **(бұр.ред.қара)**

6) инкассалайтын банк - бенефициардың талабын ақша жөнелтушінің банкіне немесе ақша жөнелтушіге осы Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес оны кейіннен төлеуі үшін өткізу жөніндегі міндеттемені өзіне алатын банк.

4. Нұсқауды кері қайтарып алу не оның орындалуын тоқтата тұру туралы нұсқаулар мен өкімдерді алушы-банк тек өзі белгілеген операциялық күн ішінде қабылдайды.

5. Егер нұсқауды кері қайтарып алу не оның орындалуын тоқтата тұру туралы нұсқау немесе өкім операциялық күн аяқталғаннан кейін алынса, онда мұндай нұсқауға немесе өкімді алушы-банк келесі операциялық күннің басында алған болып саналады.

Егер бастамашының нұсқауында белгіленген валюталау күні жұмыс істемейтін күнге келсе, онда келесі жұмыс күні валюталау күні болып саналады.

6. Алушы-банк акцептелген нұсқау бойынша жөнелтушінің ақшасын Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен, алуға (оның банк есепшотын дебиттеуге) құқылы.

7. Құжаттық есеп айырысу - бұл сатып алушы мен сатушы арасындағы жазбаша келісімде көзделген және банк ішінде қолданылатын: коносамент, көлік тауар құжаттамасы, тасымалдаудың аралас түрлерінің көлік құжаты, курьерлік және пошталық түбіршек, сақтандыру полисі, коммерциялық есепшот, сапа сертификаты, варрант, тауардың шығу тегі туралы куәлік, жүктің салмағы туралы анықтама және басқа құжаттарды ұсынғанда банк жүзеге асыратын төлем.

Құжаттың есеп айырысу түрлері болып құжаттық аккредитив (бұдан әрі аккредитив) және құжаттық инкассо (бұдан әрі - инкассо) болып табылады.

8. Аккредитив - бұл клиенттің нұсқаулығымен және өтініші бойынша немесе өз қалауы бойынша көрсетілген бенефициарға немесе оның бұйрығымен төлем немесе бенефициар талап еткен аударым вексельдеріне акцепт және төлеу немесе аккредитивте көзделген құжаттарға қарсы белгіленген мерзімге неогоциация жасауға, егер аккредитивтің барлық талаптары сақталса, банк өзіне алған міндеттеме.

Аккредитив сатып алу-сату шартынан немесе басқа шарттан ерекшеленген мәміле болып табылады.

9. Инкассо - бұл сатып алушы мен сатушы арасындағы келісімде көзделген бастамашы берген төлем және басқа құжаттың есеп айырысуда ұсынылатын құжаттардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заң актілерінде көрсетілген акцепт және/немесе төлем алу мақсатындағы басқа құжаттардың негізінде жүзеге асырылатын банк операциясы.

10. Аккредитив және инкассо Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес қолданылады.

ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2007 ж. 30 сәуірдегі № 50 [Қаулысымен](#) 11-тармақ өзгертілді (бұр. ред. қара)

11. Қазынашылықтың аумақтық бөлімшелерінде ашылған мемлекеттік мекемелердің есепшоттарынан ақша төлемі мен аударымын жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.12.00 ж. № 488 ; 2005.27.08. № 95 (бұр. ред. қара) қаулыларымен 12-тармақ жаңа редакцияда

12. ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.24.08. № 266 [Қаулысымен](#) алып тасталды (бұр.ред.қара)

2-бөлім. Төлем құжаттары

ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 2013.26.04. № 117 [Қаулысымен](#) 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

1. Төлем құжаттарының түрлері және оларды ресімдеу

13. Төлем құжаттарының түрлері:

1) төлем тапсырмасы;

- 2) чек;
- 3) вексель;
- 4) төлемдік талап-тапсырма;
- 5) инкассалық өкім, салық қызметі органдарының және кеден органдарының инкассалық өкімі;
- 6) Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген басқа төлем құжаттары.

*ҚР ҰБ Басқармасының 24.01.04 ж. № 13 **Қаулысымен** (бұр. ред. қара); 2007.20.07 № 76 **Қаулысымен** (2010 жылғы 13 тамыздан бастап қолданысқа енгізілді); 2010.20.08. № 76 **Қаулысымен** (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізілді, ал оның күші 2010 жылғы 13 тамыздан бастап туындаған қатынастарға қолданылады); 2011.30.05. № 52 **Қаулысымен** (күшіне енетін мерзімін қара) (бұр.ред.кара); 2011.01.07. № 65 **Қаулысымен** (2012 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.кара); 2012.26.03. № 108 **Қаулысымен** (бұр.ред.кара); 2013.26.04. № 117 **Қаулысымен** (бұр.ред.кара) 14-тармақ өзгертілді*

14. Төлем құжаттарында Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында көрсетілгеннен басқа жағдайларда мынадай деректемелер болуы тиіс:

- 1) төлем құжатының атауы;
- 2) төлем құжатының номері, оның жазылған күні, айы, жылы. Күн санмен, ай - жазумен, жыл - санмен жазылады. Компьютерді пайдаланып ресімделген төлем құжаттарында айды санмен белгілеуге болады;
- 3) осы Нұсқаулықта көзделген жағдайларды қоспағанда, ақшаны жөнелтуші жеке адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) не заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысанын қоса толық атауы, оның жеке сәйкестендіру коды;
- 4) ақша жөнелтуші банктің ұйымдық-құқықтық нысанын қоса толық атауы, оның банктік бірдейлестіру коды (атауымен қатар оның фирмалық белгісі қойылуы мүмкін);
- 5) бенефициар - заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысанын қоса, толық атауы не жеке адамның аты-жөні, оның жеке бірдейлестіру коды;
- 6) бенефициардың банкінің ұйымдық-құқықтық нысанын қоса, толық атауы не оның банктік бірдейлестіру коды (атауымен қатар оның фирмалық белгісі қойылуы мүмкін);
- 7) төлемнің мақсаты, сондай-ақ Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген оның код белгісі;
- 8) санмен және жазумен көрсетілген төлем сомасы;
- 9) ақша төлемі және/немесе аударымы бастамашысының уәкілетті адамдарының тегі, аты, әкесінің аты. Бұл ретте тегі толығымен, аты және әкесінің аты бірінші әріптерімен көрсетілуі мүмкін. Қағаз тасымалдауышта жасалған құжаттар үшін сондай-ақ нұсқау жөнелтушінің уәкілетті адамдарының қолдары және мөрінің (егер бар болса) таңбасы;

*ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.26.03. № 108 **Қаулысымен 10) тармақша жаңа редакцияда** (2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.кара)*

10) бенефициардың және ақша жөнелтушінің жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - ЖСН) немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - БСН) (вексельдерді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ЖСН немесе БСН қою талап етілмейтін басқа да төлем құжаттарын қоспағанда).

Бұл ретте ақша жөнелтушінің және бенефициардың атауы, сондай-ақ олардың жеке сәйкестендіру кодтары, бірнеше бенефициар көрсетілуі мүмкін бюджетке төлемдер төлеуге арналған төлем құжатын есептемегенде, төлем құжатында бір рет көрсетіледі.

Ұйымдастыру-құқықтық нысандарын қоса алғанда, жөнелтушінің, бенефициардың және оларға қызмет көрсететін банктердің атауын банктердің және клиенттердің жұмысына қиындық келтірмейтіндей етіп қысқартуға жол беріледі.

15. ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2011.30.05. № 52 **Қаулысымен** алып тасталды (бұр.ред.кара)

16. Ақша төлемін және/немесе аударымын жасағанда банк төлем құжаттарында қосымша деректемелердің қойылуын, егер бұл талаптар Қазақстан Республикасының заңдарында тікелей көзделсе, талап етуге құқылы.

ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2009.24.08. № 85 [Қаулысымен](#) 17-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

17. Төлем құжаттары және төлем құжаттарын кері қайтарып алу туралы өкім электрондық түрде де, қағаз жазбасында да ұсынылуы мүмкін. Электрондық төлем құжаттары және төлем құжаттарын кері қайтарып алу туралы өкім электрондық төлем хабарлары үшін белгіленген нысандарға сәйкес құралады және банкке электрондық байланыс арналары мен телекоммуникациялар бойынша жіберіледі.

18. Төлем құжаттарын және төлем құжатын кері қайтарып алу туралы немесе оны орындауды тоқтата тұру туралы өкімді магнитті тасымалдаушымен ұсынуға тек санкцияланбаған төлемдерден қорғау тәртібі сақталған жағдайда ғана жол беріледі. Сонымен бірге, егер Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінде басқаша көзделмесе, магнитті тасымалдаушыдағы ақпаратта банк қабылдаған бағдарламалық-криптографиялық қорғау жүйесі болуы тиіс.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2011.30.05. № 52 [Қаулысымен](#) (бұр.ред.қара); 2013.26.04. № 117 [Қаулысымен](#) (бұр.ред.қара) 19-тармақ жаңа редакцияда

19. Факс арқылы төлем құжатын не оны қайтарып алу туралы немесе оның орындалуын тоқтата тұру туралы өкімді беру үшін банк санкцияланбаған ақша төлемдерінен және/немесе аударымдарынан қорғау іс-қимылдарының өзі әзірлеген тәртібін, сондай-ақ Төлемдер туралы заңда және осы Нұсқаулықта белгіленген қорғау іс-қимылдарының өзге де элементтерін сақтайды.

20. Төлем құжаттарында не оларды кері қайтарып алу туралы немесе оның орындалуын тоқтата тұру туралы өкім мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде жасалуы тиіс. Оларды жасағанда өзге тілдерді пайдалану мүмкіндігі банктер және оның клиенті арасында шартпен белгіленеді.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2011.30.05. № 52 [Қаулысымен](#) 21-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

21. Қағаз тасымалдауыштарда орындалған төлем құжаттарында және оларды қайтарып алу туралы немесе олардың орындалуын тоқтата тұру туралы өкімдерде қандай да бір түзетулер жасауға жол берілмейді. Банк түзетулерді, түзеулерді, сондай-ақ санмен және жазумен көрсетілген сомалардың сәйкессіздігін анықтаған жағдайда, банк төлем құжатын орындауға қабылдамайды және алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей, қайтару себебін көрсете отырып, бастамашысына қайтарады.

ҚР ҰБ Басқармасының 18.01.02 ж. № 20; 31.01.03 ж. № 20 24.01.04 ж. № 13 (бұр. ред. қара); 2005.27.08. № 95 (бұр. ред. қара); 2007 ж. 30 сәуірдегі № 50 (бұр. ред. қара); 2009.24.08. № 85 (бұр.ред.қара); 2007.20.07 № 76 (2010 жылғы 13 тамыздан бастап қолданысқа енгізілді); 2010.20.08. № 76 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізілді, ал оның күші 2010 жылғы 13 тамыздан бастап туындаған қатынастарға қолданылады) қаулыларымен 22-тармақ өзгертілді; ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2011.30.05. № 52 [Қаулысымен](#) (бұр.ред.қара); 2012.26.03. № 108 [Қаулысымен](#) (алғашқы жарияланған күнінен кейін он күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 22-тармақ жаңа редакцияда; ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.24.08. № 266 [Қаулысымен](#) 22-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара); ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.26.03. № 108 [Қаулысымен](#) (2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2013.26.04. № 117 [Қаулысымен](#) (2013 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 22-тармақ жаңа редакцияда

22. Алушы-банк немесе бенефициар банкі 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» (бұдан әрі - Салық кодексі) Қазақстан Республикасының [Кодексінде](#), «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының [Заңында](#) (бұдан әрі - Банктер туралы заң), «Заңсыз жолмен алынған

кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» 2009 жылғы 28 тамыздағы Қазақстан Республикасының **Занында** (бұдан әрі - КЖТҚКІ туралы заң), Төлемдер туралы **заңда** көзделген негіздер бойынша төлем құжатын алған күнінен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей, сондай-ақ мынадай:

1) осы Нұсқаулықтың, сондай-ақ Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1011 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану және төлемдер бойынша оларға сәйкес мәліметтер ұсыну қағидаларын бекіту туралы» 1999 жылғы 15 қарашадағы № 388 **қаулысының** (бұдан әрі - № 388 қағидалар), Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1304 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Банк шотын ашпай қолма-қол жасалмайтын ақша төлемі мен аударымын жүзеге асыру нұсқаулығын бекіту туралы» 2000 жылғы 13 қазан № 395 **қаулысының** (бұдан әрі - № 395 нұсқаулық) және Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1352 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Клиент пен оған қызмет көрсететін банктің арасында қолма-қол жасалмайтын төлемдерді жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» 2000 жылғы 25 қарашадағы № 433 **қаулысының** (бұдан әрі - № 433 ереже) талаптарына сәйкес келмейтін нысанда толтырылған және ұсынылған;

2) клиенттің деректемелері (жеке сәйкестендіру коды (бұдан әрі - ЖСК), ЖСН (БСН) төлем құжатында көрсетілген деректемелерге сәйкес келмеген;

3) ақша жөнелтушінің атауы клиенттің төлем құжатында көрсетілген атауына сәйкес келмеген;

4) бюджетке төлемдерді төлеу кезінде бюджеттік жіктеу кодының цифрлық белгісі болмаған;

5) көлік құралына салық төлеу кезінде төлем құжатында көрсетілген көлік құралының сәйкестендіру нөмірі жол қозғалысының қауіпсіздігі жөніндегі орталық атқарушы орган ұсынған деректермен сәйкес келмеген жағдайларда оны акцептеуден бас тартады.

Егер басқа деректемелер (ЖСК, ЖСН (БСН)) банк клиентін сәйкестендіріп, клиенттің инкассалық өкімде көрсетілген атауы нақты атауына сәйкес келмеген жағдайда салық органдары электрондық тәсілмен ұсынған инкассалық өкімді акцептеуден бас тартуға жол берілмейді.

*ҚР ҰБ Басқармасының 27.10.03 ж. № 372 **Қаулысымен** 22-1-тармақпен толықтырылды; ҚР ҰБ Басқармасының 24.01.04 ж. № 13 **Қаулысымен** 22-1-тармақ жаңа редакцияда (бұр. ред. қара); ҚР ҰБ Басқармасының 2005.27.08. № 95 (бұр. ред. қара) ; 2007 ж. 30 сәуірдегі № 50 (бұр. ред. қара); 2007.20.07 № 76 (2010 жылғы 13 тамыздан бастап қолданысқа енгізілді); 2010.20.08. № 76 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізілді, ал оның күші 2010 жылғы 13 тамыздан бастап туындаған қатынастарға қолданылады) қаулыларымен 22-1-тармақ өзгертілді; ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2011.01.07. № 65 **Қаулысымен** (2012 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2012.26.03. № 108 **Қаулысымен** (алғашқы жарияланған күнінен кейін он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) (бұр.ред.қара) 22-1-тармақ өзгертілді*

22-1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі қазынашылығының аумақтық бөлімшелерінің (бұдан әрі - қазынашылықтың аумақтық бөлімшелері) төлем құжаты «төлем мақсаты» бағанында мемлекеттік мекеменің бес миллион теңгеден артық сомадағы, бенефициар ұсынатын хабарлама (бұдан әрі - хабарлама) болған кезде орындалуы тиіс азаматтық-құқықтық мәмілелерін (міндеттемелерін) тіркеу туралы хабарламаның нөмірін, күні көрсете отырып, банкте бенефициардың жеке ісіне тігіліп, сақталады. Хабарламада қазынашылықтың аумақтық бөлімшелері және мемлекеттік мекеме басшыларының қолдары, мөрлерінің таңбасы болуы тиіс.

*ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.26.03. № 108 **Қаулысымен** екінші бөлік жаңа редакцияда (2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*

Бенефициардың хабарламада көрсетілген деректемелері (атауы, ЖСН (БСН), ЖСК) төлем құжатында көрсетілген деректемелерге сәйкес келуі тиіс.

Төлем құжатының «төлем мақсаты» бағанында хабарламаның нөмірі мен күнінен басқа төлемнің «ағымдағы» немесе «түпкілікті» мәртебесі көрсетілуі тиіс. Банкте сақталған хабарламаның нөмірі және күні «төлем мақсаты» бағанында көрсетілген хабарламаның нөмірімен және күнімен сәйкес келуі тиіс.

Осы тармақтың бірінші, екінші және үшінші абзацтарында белгіленген талаптар сақталмаған жағдайда, банк заң актілерінде акцепт үшін көзделген мерзім ішінде осындай төлем құжатын орындамастан оның жөнелтушісіне қайтарады.

Банк «ағымдағы» төлем мәртебесі бар төлем құжатын орындаған кезде хабарламаның сыртқы жағына негізінде төлем жүзеге асырылған төлем тапсырмасының деректемелері, орындалған төлемнің сомасы және хабарлама бойынша төленуі тиіс қалған сома көрсетіледі. Банк «түпкілікті» төлем мәртебесі бар төлемді жүзеге асырған кезде хабарламаның сыртқы жағына бұл туралы тиісті белгі қояды.

Бенефициар ретінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, Мемлекеттік зейнетақы төлеу жөніндегі орталық, Орталық депозитарий көрсетілген мемлекеттік борышты, зейнетақы төлемдерін, әлеуметтік төлемдерді, мемлекеттік арнайы және мемлекеттік әлеуметтік және өзге әлеуметтік жәрдемақыларды өтеуге және қызмет көрсетуге байланысты төлем құжаттарына, сондай-ақ бенефициар ретінде алушы банк көрсетілген төлем құжаттарына хабарлама ұсыну талап етілмейді.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2011.25.03. № 24 Қаулысымен 22-2-тармақпен толықтырылды

22-2. Егер есептелетін ақша сомасы мемлекеттік бюджеттен төленетін жәрдемақылармен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдермен байланысты болмаған жағдайда, бенефициардың банкі көрсетілген жәрдемақыларды және (немесе) әлеуметтік төлемдерді аудару үшін жеке тұлға-клиенттің талап етуі бойынша ашылған ағымдағы шотқа ақша аударуды көздейтін төлем құжатын акцептеуден бас тартады.

ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 2013.26.04. № 117 Қаулысымен 22-3-тармақпен толықтырылды

22-3. Банк (алушы-банк, бенефициар банкі, делдал-банк) КЖТҚҚІ туралы заңға сәйкес ақша жөнелтушіні және/немесе бенефициарды сәйкестендіруге мүмкіндік беретін мәліметтерді, сондай-ақ КЖТҚҚІ туралы заңға сәйкес клиентті тиісінше тексеру жөніндегі шараларды жүргізу талап етілмейтін жағдайларды қоспағанда, ақша жөнелтуші жүргізген ақша төлемі және/немесе аударымы туралы мәліметтерді клиенттің банк шоты жабылғаннан кейін бес жыл ішінде сақтайды.

23. Ақша жөнелтушінің ақшасын оның банк есепшотынан алу ақша жөнелтуші акцептеген төлем құжаты не Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес оның акцептелуін талап етпейтін төлем құжаты негізінде жүргізіледі.

24. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында басқаша көзделмесе, қағаз жазбада орындалған ұсынылатын төлем құжаттары және төлем құжатын кері қайтарып алу немесе оның орындалуын тоқтата тұру туралы өкімдері даналарының санын әр банк өзі белгілейді және оның ережесінде операциялар жүргізудің жалпы талаптары туралы айтылады.

25. Банк ақша төлемін және/немесе аударымын жүзеге асыру бойынша ақша жөнелтуші және/немесе нұсқау жөнелтуші алдындағы оның міндеттемелеріне байланысты емес шағымдарды қарауға міндетті емес.

Ақша жөнелтуші мен бенефициар арасындағы шағымдар алушы-банктің акцепт нұсқауы заңды болғанда ғана алушы-банктің қатысуынсыз Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шешіледі.

26. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында басқаша көзделмесе, төлем құжаттарында оларды ішінара орындау туралы талап қоюға болмайды.

ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 2013.26.04. № 117 Қаулысымен 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

2. Төлем тапсырмасы

27. Төлем тапсырмасы тапсырмада көрсетілген сомадағы бенефициардың пайдасына оның ақшасын аудару туралы ақша жөнелтушінің қызмет көрсететін алушы-банкке тапсырмасын білдіреді.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2011.30.05. № 52 Қаулысымен 27-1-тармақпен толықтырылды

27-1. Қағаз тасымалдауышта орындалған төлем тапсырмасында ақша жөнелтушінің уәкілетті адамдарының қолдары және егер бар болса - қолдар және мөр таңбасының үлгілеріне/қолдардың үлгілеріне сәйкес оның мөрінің таңбасы болуы тиіс. Егер қолдардың үлгілері және мөр таңбасы бар құжатта/қол үлгісі бар құжатта банк шотын пайдалануға уәкілетті адамдар ретінде бірінші және екінші қол қою құқығына ие адамдар көрсетілсе, төлем тапсырмасында бұл адамдардың қолдарының болуы міндетті.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2011.30.05. № 52 Қаулысымен 27-2-тармақпен толықтырылды; ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 2013.26.04. № 117 Қаулысымен 27-2-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

27-2. Алушы-банк немесе бенефициар банкі осы Нұсқаулықтың **22-тармағында** көзделген негіздемелер бойынша, сондай-ақ төлем тапсырмасында көрсетілген төлем валютасы банк шотының валютасына сәйкес келмеген жағдайларда төлем тапсырмасын акцептеуден бас тартады. Бенефициардың банкі төлем сомасын төлем жасалған күнгі валюталар айырбастаудың нарықтық бағамын пайдалана отырып конвертациялауды жүзеге асыру арқылы банк шотының валютасында аудару туралы жазбаша растауы болған жағдайда бенефициар банкінің қалауы бойынша төлем валютасы банк шотының валютасына сәйкес келмейтін төлем тапсырмасын орындауына жол беріледі. Конвертацияның жүзеге асырылғаны үшін комиссиялардың мөлшері және алу тәртібі клиент пен қызмет көрсететін банк арасында жасалған шартта айқындалады.

ҚР ҰБ Басқармасының 31.01.03 ж. № 20 (бұр. ред. қара); 24.01.04 ж. № 13 (бұр. ред. қара); 2005.27.08. № 95 (бұр. ред. қара); 2009.24.08. № 85 (бұр.ред.қара); 2007.20.07 № 76 (2010 жылғы 13 тамыздан бастап қолданысқа енгізілді); 2010.20.08. № 76 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізілді, ал оның күші 2010 жылғы 13 тамыздан бастап туындаған қатынастарға қолданылады) қаулыларымен 28-тармақ өзгертілді; ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2011.30.05. № 52 Қаулысымен 28-тармақ жаңа редакцияда (күшіне енетін мерзімін қара) (бұр.ред.қара); ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.26.03. № 108 Қаулысымен 28-тармақ өзгертілді (алғашқы жарияланған күнінен кейін он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) (бұр.ред.қара); ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 2013.26.04. № 117 Қаулысымен 28-тармақ жаңа редакцияда (2013 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

28. Ақша жөнелтуші қызмет көрсететін алушы-банкке төлем тапсырмасын осы Нұсқаулықтың **1-қосымшасына** сәйкес белгіленген нысандағы бланктерде ұсынады.

Бюджетке төлемдерді төлеу кезінде ақша жөнелтуші қызмет көрсететін алушы-банкке осы Нұсқаулықтың **1-1-қосымшасына** сәйкес нысан бойынша бюджетке төлемдер төлеуге арналған төлем тапсырмасын ұсынады. Ақша жөнелтушінің осы Нұсқаулықтың **1-қосымшасына** сәйкес нысан бойынша бюджетке төлемдер төлеуге арналған төлем тапсырмасын ұсынуына жол беріледі.

«Төлемнің мақсаты» бағанында ақша жөнелтуші ақша аударымын жүзеге асыруға негіз болатын құжаттың (құжаттардың) атауын, нөмірі мен күнін және № 395 **нұсқаулықта**, № 433 **ережеде** және Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 **қаулысында** көзделген өзге де деректемелерді, сондай-ақ «төлем мақсатының коды» бағанында төлемнің кодтық белгіленуін көрсетеді.

Заңды тұлға өзінің құрылымдық бөлімшелері үшін бюджетке төлемдерді, сондай-ақ зейнетақы жарналарын және әлеуметтік аударымдарды төлеу кезінде «төлем мақсаты» бағанында ең алдымен төлем жүзеге асырылатын заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі БСН, одан кейін оның атауы көрсетіледі.

Көлік құралына салық төлеу кезінде (оның ішінде электрондық құрылғылар арқылы) «төлем мақсаты» бағанында көлік құралының сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі. Бұл деректеме төлем құжатының «төлем мақсаты» бағанында мынадай ретпен көрсетіледі: «VIN» сөзі, көлік құралының сәйкестендіру нөмірі, «/V» символдары.

Бюджетке төлемдерді төлеу кезінде төлем тапсырмасында бюджеттік жіктеу кодының сандық белгісі көрсетіледі. Төлем тапсырмасында бюджеттік жіктеу кодының дұрыс көрсетілуін жөнелтуші қамтамасыз етеді.

Зейнетақы жарналарын немесе әлеуметтік аударымдарды төлеуге ақша аударымдарын жүзеге асырған кезде жөнелтуші төлем тапсырмасымен бірге бір мезгілде Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Міндетті зейнетақы жарналарын есептеудің, ұстап қалудың (қоса есептеудің) және жинақтаушы зейнетақы қорларына аударудың ережесін бекіту туралы» 1999 жылғы 15 наурыздағы № 245 және «Әлеуметтік аударымдарды есептеу және аудару ережесін бекіту туралы» 2004 жылғы 21 маусымдағы № 683 [қаулыларының](#) талаптарына сәйкес ресімделген зейнетақы жарналары немесе әлеуметтік аударымдар төленетін тұлғалардың тізімін (бұдан әрі - тізім) алушы-банкке ұсынады. 50-ден астам позициядан (аты-жөннен) тұратын тізім алушы-банкке тізімнің электрондық тасымалдауыштардағы көшірмесі қоса беріле отырып ұсынылады. Алушы-банк қажет болған жағдайда, егер бұл алушы-банктің ішкі құжаттарында белгіленген болса, 50 және одан аз позициядан (аты-жөннен) тұратын тізімнің электрондық көшірмесін ұсынуды талап етеді.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.12.00 ж. № 488 [Қаулысымен](#) 29-тармақ өзгертілді; ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 18.01.02 ж. № 20 [Қаулысымен](#) 29-тармақ жаңа редакцияда; ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.01.03 ж. № 20 [Қаулысымен](#) 29-тармақ толықтырылды; ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2007.20.07 № 76 [Қаулысымен](#) (2010 жылғы 13 тамыздан бастап қолданысқа енгізілді); 2010.20.08. № 76 [қаулысымен](#) (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізілді, ал оның күші 2010 жылғы 13 тамыздан бастап туындаған қатынастарға қолданылады); 2011.01.07. № 65 [Қаулысымен](#) (2012 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.кара); 2012.26.03. № 108 [Қаулысымен](#) (алғашқы жарияланған күнінен кейін он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) (бұр.ред.кара); 2013.26.04. № 117 [Қаулысымен](#) (бұр.ред.кара) 29-тармақ өзгертілді

29. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге ұлттық валютамен, сол сияқты шетел валютасымен төлем жасау және/немесе ақша аударымын жүзеге асыру кезінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының валюталық заңдарының талаптарын сақтай отырып Қазақстан Республикасы аумағында шетел валютасымен төлем жасағанда және/немесе ақша аударымын жүзеге асырған кезде ақша жіберушінің қызмет көрсетуші алушы банкке ақша аудару туралы төлем тапсырмасы болып табылатын, белгіленген нысандағы ([№ 2 қосымша](#)) бланкілерге толтырылған ақша аударуға өтініші пайдаланылады.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.26.03. № 108 [Қаулысымен](#) екінші бөлік жаңа редакцияда (2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.кара)

Банк ақша аударуға берілетін өтініште осы Нұсқаулықтың [2-қосымшасында](#) көрсетілген деректемелерден басқа осы өтінішті өңдеу үшін оған қажет болатын ақша жөнелтуші туралы қосымша мәліметтерді енгізеді. «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» 2005 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген жағдайларда, банк ақша жөнелтуші туралы басқа да мәліметтерді толтыруды талап етеді. Қазақстан Республикасынан тыс резидент еместің пайдасына ақша төлемі мен аударымын жүзеге асыру кезінде ақша аудару үшін берілген өтініште бенефициардың ЖСН (БСН) көрсету талап етілмейді.

30. Ақша аударуға жазылған күні көрсетілген төлем тапсырмасы-өтінішін алушы-банк он күнтізбелік күн ішінде қабылдайды.

Ақша аударуға төлем тапсырмасынан немесе өтінішінен басқа ақша жөнелтуші Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес алушы-банктің талабы бойынша төлемнің дәлелділігін растайтын құжаттар ұсынуға міндетті.

31. Қызмет көрсететін алушы-банкпен келісім бойынша ақша жөнелтуші ақша аударуға төлем тапсырма-өтінішінде валюталау күнін көрсетуіне болады.

ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 2013.26.04. № 117 [Қаулысымен](#) 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

3. Төлемдік талап-тапсырма

32. Төлемдік талап-тапсырма ақша жөнелтушіге жеткізілген тауарларға, орындалған жұмысқа, көрсетілген қызметке ақы төлеу туралы көрсетілген талапты растайтын құжаттар негізінде ұсынылатын бенефициардың талабын білдіреді.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.12.00 ж. № 488 [Қаулысымен](#) 33-тармақ жаңа редакцияда ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.01.03 ж. № 20 [Қаулысымен](#) 33-тармақ толықтырылды

33. Бенефициар төлемдік талап-тапсырманы белгіленген нысандағы бланкіде (**[№ 3 қосымша](#)**) бенефициардың банкіне немесе тікелей ақша жөнелтушінің банкіне ұсынуға құқылы.

Бенефициар бенефициардың банкіне бірнеше төлемдік талап-тапсырмаларды ұсынған жағдайда, оларға төлемдік талап-тапсырмалардың тізілімі белгіленген нысандағы бланкіде (**[№ 4 қосымша](#)**) қоса беріледі.

Төлемдік талап-тапсырманың «төлемнің мақсаты» бағанында бенефициар төлемдік талап-тапсырманы ұсынуға негіз болатын құжаттар деректемелерін және өзге де деректемелерін, егер олар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде тікелей көзделсе көрсетуге міндетті.

ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 2013.26.04. № 117 [Қаулысымен](#) 34-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

34. Төлемдік талап-тапсырма тізіліммен бірге бенефициардың банкіне ұсынылады, ол бенефициардың барлық деректемелері толтырылуының толықтығын тексеріп, төлемдік талап-тапсырманы осы Нұсқаулықта белгіленген тәртіппен ақша жөнелтушінің банкіне жібереді.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2011.30.05. № 52 [Қаулысымен](#) 35-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

35. Бенефициарға және ақша жөнелтушіге бір алушы-банк қызмет көрсеткен, сондай-ақ төлемдік талап-тапсырманы бенефициардың банкісіз ақша жөнелтушінің банкіне ұсынған жағдайда тізілімді қоса беру қажет емес.

Ақша жөнелтушінің банкіне бір мезгілде бенефициар әрі бенефициар банкі болып табылатын тұлға бірнеше төлемдік талап-тапсырмаларды ұсынған кезде тізілімнің қоса берілуі талап етілмейді.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.12.00 ж. № 488 ; 2005.27.08. № 95 (бұр. ред. қара) қаулыларымен 36-тармақ өзгертілді

36. Жазылған күні көрсетілген төлемдік талап-тапсырма мен қоса берілген тізілімді бенефициар отыз күнтізбелік күн ішінде бенефициардың банкіне ұсынуы мүмкін немесе төлемдік талап-тапсырма ақша жөнелтушінің банкіне ұсынылуы мүмкін.

37. Ақша жөнелтушінің акцептеуін талап етпейтін төлемдік талап-тапсырмаларды қоспағанда, ақша жөнелтуші банк тек ақша жөнелтушінің акцепті болған жағдайда ғана төлемдік талап-тапсырманы орындауға тиіс.

Ақша жөнелтушінің акцепт туралы белгі қою үшін төлемдік талап-тапсырма бланкісінің бет жағында орын жетіспеген жағдайда, осы жазба бланктің сырт жағына жасалады.

38. Егер жөнелтуші ақша жөнелтушінің банкіне төлемдік талап-тапсырманы оған ақша жөнелтушінің өзінің банк есепшотынан ақшаны акцепсіз алуға келісімі бар құжаттарды қосып ұсынса, ондай төлемдік талап-тапсырма ақша жөнелтушінің акцептеуін талап етпейді.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.24.08. № 266 [Қаулысымен 38-1-тармақпен толықтырылды](#); ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 2013.26.04. № 117 [Қаулысымен 38-1-тармақ өзгертілді \(бұр.ред.кара\)](#)

38-1. Банк шоттарының болуы және нөмірлері туралы анықтаманы алу қажет болған кезде шоттың (шоттардың) иесі қарыз алушысы, кепілгері, кепілдік берушісі, лизинг алушысы немесе кепіл берушісі болып табылатын банк кредиттің алынғанын растайтын мынадай құжаттарды:

1) егер шоттың иесі қарыз алушы болып табылса - банктің «Көшірмесі дұрыс» деген белгісі бар ақша жөнелтушінің өзінің банк шотынан ақшаны акцептсіз алуға келісімі бар банк қарызы шартының немесе кредиттік желі ашу туралы келісімнің көшірмесін. Егер шоттың иесі қарыз алушы болып табылмай, кепілгер, кепілдік беруші, лизинг алушы немесе кепіл беруші болып табылса - банктің «Көшірмесі дұрыс» деген белгісі бар ақша жөнелтушінің өзінің банк шотынан ақшаны акцептсіз алуға келісімі бар, банк қарызы шартының немесе кредиттік желі ашу туралы келісімнің немесе кепілдіктің, кепілдік берудің, лизинг алудың немесе кепіл берудің фактісін растайтын өзге құжаттардың көшірмесін;

2) төлем (касса) құжатының немесе клиенттің банк шоты бойынша үзінді-көшірменің немесе банк қарызының берілгенін растайтын өзге құжаттың көшірмесін қоса бере отырып, банк басқармасы төрағасының немесе оның орынбасарларының қолы қойылған жазбаша сұратуларды банктерге жібереді.

«Көшірмесі дұрыс» деген жазу тырнақшасыз көрсетіледі, құжаттардың көшірмелерін растау бойынша тиісті өкілеттіктер берілген банктің уәкілетті адамының лауазымы, аты-жөні, растаған күні көрсетіле отырып, оның қолымен расталады және банк мөрінің бедерімен бекітіледі.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.24.08. № 266 [Қаулысымен 38-2-тармақпен толықтырылды](#); ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 2013.26.04. № 117 [Қаулысымен 38-2-тармақ жаңа редакцияда \(бұр.ред.кара\)](#)

38-2. Банк осы Нұсқаулықтың **38-1-тармағында** көрсетілген құжаттарды алған күннен кейінгі бес жұмыс күнінен кешіктірмей сұрау салған банкке клиенттің банк шоттарының болуы және нөмірлері туралы анықтаманы немесе олардың жоқ екендігі туралы мәліметтерді жібереді. Клиенттің банк шоттарының болуы және нөмірлері туралы анықтама еркін нысанда жасалады және онда анықтаманың берілу күні, банктің атауы мен банктік сәйкестендіру коды, клиенттің атауы, оның жеке сәйкестендіру коды, сәйкестендіру нөмірі, банк шотының валютасы, банктің уәкілетті тұлғаның аты-жөні және мөртабан қамтылады. Егер клиентке банк шоты мемлекеттік бюджеттен төленетін жәрдемақыларды және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдерді аудару үшін ашылған болса, онда осы факті туралы ақпарат клиенттің банк шоттарының болуы және нөмірлері туралы анықтамада көрсетіледі.

ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 2013.26.04. № 117 [Қаулысымен 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда \(бұр.ред.кара\)](#)

4. Инкассалық өкім

39. Заң актілерінде көзделген жағдайларда ақша жөнелтушінің банк есепшоттарынан ақша жөнелтушінің келісімінсіз ақша алу үшін пайдаланылатын төлем құжаты

белгіленген нысандағы бланкте (**№ 5 қосымша**) ұсынылған инкассалық өкім, сондай-ақ салық қызметі органдарының және кеден органдарының (**№ 6 қосымша**) инкассалық өкімі болып табылады.

*ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.12.00 ж. № 488 **Қаулысымен 40-тармақ жаңа редакцияда**; ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2011.30.05. № 52 **Қаулысымен 40-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)**; ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.24.08. № 266 **Қаулысымен 40-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)***

40. Ақшаны өндіріп алушы ақша жөнелтушінің банкіне ақшаны өндіріп алу туралы сот шешімдері, үкімдері, ұйғарымдары және қаулылары бойынша берілетін атқару құжаттарының немесе бұйрықтардың немесе сот бұйрығының түпнұсқаларын не жеке сот орындаушысының не атқару құжаттарын орындау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды және қызметті мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органның аумақтық бөлімінің мөрімен расталған олардың көшірмелерін қоса инкассалық өкімді ұсынады.

Ақша жөнелтушінің банк шотынан оның келісімінсіз ақша алудың негізділігін растайтын атқару құжаты, егер атқару құжатының мәтінінде өзгеше белгіленбесе, банкке тек бір инкассалық өкімді ұсыну үшін негіздеме болып табылады.

Салық қызметі органдарының және кеден органдарының инкассалық өкімдері осы өндіріп алудың негізділігін растайтын атқару құжаттарынсыз ұсынылады.

41. Инкассалық өкімде ақша жөнелтушінің банк есепшотынан оның келісімінсіз ақша (оның күні және номері) алу (өндіріп алу) құқығы көзделетін заң актілеріне сілтемемен төлемнің мақсаты көрсетіледі.

Орындалатын құжатта көрсетілген ақша төлемінің/аударымының сомасы инкассалық өкімде көрсетілген сомамен сәйкес келуі тиіс.

*ҚР ҰБ Басқармасының 31.01.03 ж. № 20; 24.01.04 ж. № 13 (бұр. ред. қара); 2005.27.08. № 95 (бұр. ред. қара); 2006.12.08. № 74 (күшіне енетін мерзімін қара) (бұр. ред. қара) қаулыларымен 42-тармақ өзгертілді; ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2011.30.05. № 52 **Қаулысымен 42-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)***

42. Салық және кеден қызметі органдарының инкассалық өкімінде бюджеттік жіктеу коды, операция түрі қосымша көрсетіледі.

Операциялар түрі жолында тиісінше кодтар көрсетіледі:

03 - салық органының бюджетке берешегі бар салық төлеушінің банктік шотына қойылған инкассалық өкімі;

04 - салық органының дебитордың банктік шотына қойылған инкассалық өкімі;

05 - кеден органының бюджетке берешегі бар салық төлеушінің банктік шотына қойылған инкассалық өкімі;

07 - міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешегі бар агенттің банктік шотына салық органы берген инкассалық өкім;

09 - әлеуметтік аударымдар бойынша берешегі бар төлеушінің банктік шотына ұсынылған салық органының инкассалық өкімі.

Салық органының міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешекті өндіріп алуға арналған инкассалық өкімдерінде «бенефициар» және «бенефициардың банкі» бағандарында Мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығы көрсетіледі.

Салық органдары зейнетақы жарналары немесе әлеуметтік аударымдар бойынша берешекті өндіріп алуға арналған инкассалық өкіммен бір мезгілде алушы-банкке тізімдерді ұсынады. 50-ден астам позициясы (аты-жөндері) бар тізімді алушы-банкке электрондық тасымалдағыштардағы тізімнің көшірмесін қоса бере отырып ұсынады.

43. Өндіріп алудың, сондай-ақ ақша жөнелтушінің келісімінсіз қаражатты есептен шығару үшін негіздемеге сілтеме жасау дұрыстығына өндіріп алушы жауап береді. Банктер ақша жөнелтушілердің олардың келісімінсіз банк есепшоттардан қаражатты есептен шығаруға қарсылықтарын қарамайды.

ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 2013.26.04. № 117 Қаулысымен 5-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

5. Төлем құжаттарын электрондық түрде ұсыну

44. Төлем құжатында хабарланатын оның бейнесін немесе ақпаратты беру жолымен төлем құжаттарын алмастырудың электрондық жүйелерін пайдалану және бағдарламалық-криптографиялық қорғау мен **электрондық сандық қол қою** туралы шарт (келісім) негізінде, бенефициар мен оның банкі арасында не ақша жөнелтуші мен оның банкі арасында бұндай ұсыну көзделген болса, егер өзгеше Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінде көзделмесе, электрондық тәсілмен жасалуы мүмкін.

Төлем құжаттарын алмастырудың электрондық жүйелерін пайдалану туралы шартта (келісімде) төлем құжатын төлеу, акцепт, акцептен бас тарту, кері қайтарып алу және банк төлем құжаттарын өндеуге байланысты басқа да мәселелер туралы ережелер болуы мүмкін.

ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 2013.26.04. № 117 Қаулысымен 6-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

6. Санкцияланған нұсқау және қорғау іс-қимылдарының тәртібі

ҚР ҰБ Басқармасының 27.10.03 ж. № 372 (бұр. ред. қара); 24.01.04 ж. № 13 (бұр. ред. қара) қаулыларымен 45-тармақ өзгертілді

45. Санкцияланбаған нұсқау деп алушы-банк пен жөнелтуші арасындағы шартта көзделген санкцияланбаған төлемдерден келісілген қорғау іс-қимылдары тәртібіне сәйкес, сондай-ақ егер жүргізілетін төлем оны жасауға өкілеттігі бар адамның нұсқауымен жасалса және ол Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмесе, алушы-банк алған жөнелтушінің нұсқауы саналады.

Егер алушы-банк нұсқаудың санкцияланғандығына жоғарыда айтылған талаптарды бұза отырып, оны орындауға қабылдаса, нұсқау санкцияланбаған болып саналады.

46. Санкцияланбаған төлемдерден қорғау іс-қимылдарының тәртібі мынадай жағдайларда келісілген болып табылады:

1) алушы-банк ұсынған қорғау іс-қимылдарының тәртібіне жөнелтуші жазбаша келісім бергеннен кейін. Мұндай келісім қорғау іс-қимылдарының тәртібі көзделген алушы-банк пен жөнелтушінің шартта қол қоюы болып табылады;

2) алушы-банк ұсынған, ал жөнелтуші қабыл алмаған және алушы-банк үшін қолайлы басқа қорғау іс-қимылдарының тәртібін ұсынғаннан кейін. Мұндайда, жөнелтуші өз атынан жөнелтілген және қорғау іс-қимылдарының белгіленген тәртібіне сәйкес алушы-банк орындауға қабылдаған нұсқаудың санкцияланғандығы үшін өзіне жауапкершілік және міндеттеме алады.

47. Осы тараудың ережесі төлем құжатын кері қайтарып алу немесе оның орындалуын тоқтата тұру өкіміне де қолданылады.

ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 2013.26.04. № 117 Қаулысымен 7-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

7. Санкцияланбаған нұсқауды орындаудың салдары

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.24.08. № 266 Қаулысымен 48-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

48. Жөнелтуші нұсқаудың дұрыс орындалуын анықтайды және ол санкцияламаған нұсқау орындалған жағдайда, алушы-банкке ол туралы санкцияланбаған нұсқау анықталғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде, бірақ санкцияланбаған нұсқау орындалған күннен бастап үш жылдан кешіктірмей хабарлайды.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.12.00 ж. № 488 Қаулысымен 49-тармақ жаңа редакцияда

49. Егер алушы-банк санкцияланбаған нұсқау туралы жөнелтушіден уақтылы хабар алып, санкцияланбаған нұсқауды орындаған жағдайда, ол жөнелтушіге олардың арасында жасалған шартта көзделген тәртіппен осы нұсқауды орындауға байланысты нақты шығындардың орнын толтырады.

ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 2013.26.04. № 117 [Қаулысымен](#) 8-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

8. Нұсқауды қайтарып алу және нұсқаудың орындалуын тоқтата тұру

50. Акцептелмеген өкім акцепт жасау мерзімі өткенге дейін қайтарып алынуы мүмкін. Өкімнің орындалуын тоқтата тұру немесе нұсқауды кері қайтару оны банк-алушы орындағанға дейін ғана болады.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.12.00 ж. № 488 [Қаулысымен](#) 51-тармақ жаңа редакцияда

51. Нұсқауды жөнелтуші алушы-банкке нұсқауды кері қайтару өкімін белгіленген нысандағы бланкіде ([№ 7 қосымша](#)) жіберу жолымен қайтарып алуы мүмкін. Осындай өкімнің орындалу мерзімі жөнелтуші және алушы-банк арасында жасалған шартта белгіленеді.

Жөнелтуші және алушы-банк арасында жасалған шартта нұсқауды кері қайтару туралы өкімді электрондық тәсілмен беру көзделуі мүмкін.

52. Нұсқауды кері қайтарып алу туралы нұсқауда алушы-банк белгілеген төлем құжатының күні, оның номері, сомасы және төлем құжатының басқа да деректемелері көрсетілуі тиіс. Электрондық тәсілмен берілген төлем құжатын кері қайтарып алу туралы өкім, жөнелтуші мен алушы банк арасындағы шартта белгіленген санкцияланбаған төлемдерден қорғау іс-қимылдарының тәртібін сақтаған жағдайда ғана жөнелтілді деп саналады.

Төлем құжатын кері қайтарып алу туралы оның орындалуын тоқтата тұру жөніндегі өкімді қағаз жазбада ресімдегенде төлем құжатын жөнелтушінің мөрі және төлем құжатына қол қоюға құқығы бар уәкілетті адамдарының қолы болуы тиіс.

53. Алушы-банк Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына және жөнелтуші мен алушы-банк арасындағы шарттың талаптарына сәйкес келмейтін нұсқауды кері қайтарып алу туралы өкімді орындауға қабылдамауы тиіс.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.12.00 ж. № 488 [Қаулысымен](#) 54-тармақ жаңа редакцияда

54. Жөнелтушінің орындалмаған нұсқауды кері қайтару туралы өкімін уақтылы алған кезде алушы-банк осы нұсқау бойынша ақша аударуға құқығы болмайды және ол бір мезгілде жөнелтушіге алынған өкімнің орындалуы туралы хабарды жібере отырып, осы өкімді алған күннен кейін келетін жұмыс күнінен кешіктірмей нұсқауды қайтаруы тиіс.

55. Жөнелтуші нұсқаудың орындалуын тоқтата тұру туралы өкімді алушы-банкке жіберу жолымен нұсқауды тоқтата тұруы мүмкін ([№ 8 қосымша](#)).

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005.27.08. № 95 (бұр. ред. қара) Қаулысымен 56-тармақ өзгертілді; ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 2013.26.04. № 117 [Қаулысымен](#) 56-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

56. Нұсқаудың орындалуын тоқтата тұру, Төлемдер туралы [заңмен](#), КЖТҚҚІ туралы [заңмен](#), Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 754 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен банктер, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасында корреспонденттік қатынастар орнату ережелерін бекіту туралы» 1999 жылғы 28 наурыздағы № 37 [қаулысымен](#) көзделген тәртіпке сәйкес, сондай-ақ осы Нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.

57. Акцептелген нұсқаудың орындалуы Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда міндетті түрде тоқтатылуы тиіс.

3-бөлім. Кредиттік аударымдар

ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 2013.26.04. № 117 Қаулысымен 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

1. Жалпы ережелер

58. Осы бөлімнің нормалары Қазақстан Республикасының резидент емес-банктердің қатысуымен ақша төлемдері мен аударымдарына байланысты қатынастарға қолданылмайды.

Мұндай қатынастар тиісті шарттармен және банк іс-тәжірибесінде қолданылатын іскерлік айналым дәстүрлерімен реттеледі.

ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 2013.26.04. № 117 Қаулысымен 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

2. Төлем тапсырмасының акцепті

59. Алушы-банктің төлем тапсырмасын акцептеуі жөнелтушінің төлем тапсырмасын орындау оның міндеті екенін және акцептелген төлем тапсырмасының мөлшерінде жөнелтушінің банк есепшотынан ақша сомасын және оны орындауға байланысты шығасын алуға алушы-банктің құқығы туғандығын білдіреді.

60. Алушы-банк тапсырманы акцептегенге дейін оны жөнелтуші алушы-банк тапсырманы акцептегеннен кейін оны орындауға қажетті ақша сомасын өзінің банк есепшотында қамтамасыз етуге міндетті. Қажетті ақша сомасын қамтамасыз ету жөнелтушіге берілген алушы-банктің займы есебінен, не жөнелтушінің банк есепшоты бойынша күндізгі зайымынан, егер бұл арадағы шартта көзделген болса, жасалуы мүмкін.

61. Мына талаптардың біреуі болғанда алушы-банк төлем тапсырмасын акцептеген болып табылады:

1) алушы-банк жөнелтушіге акцептеу туралы хабарлама немесе төлем құжатының ақысы ретінде қолма-қол ақшаны қабылдау туралы хабарлама жіберді;

2) алушы-банк жөнелтушінің төлем тапсырмасы негізінде оның ақшасын алды (банк есепшотын дебеттеді);

3) алушы-банк төлем тапсырмасын алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жөнелтуші акцептеу туралы немесе акцептеуден бас тарту туралы алушы-банктің хабарламасын алған жоқ (хабарламай-ақ қабылдады);

4) Қазақстан Республикасының заңдарында немесе алушы-банк пен жөнелтуші арасындағы шартта көзделген басқа жағдайларда.

62. Мына талаптардың біреуі болғанда бенефициар банкі төлем тапсырмасын акцептеген болып табылады:

1) бенефициар банкі жөнелтушіге акцептеу туралы хабарлама жібереді;

2) бенефициар банкі, егер ол бір уақытта алушы-банк болып табылса, оның төлем тапсырмасының негізінде жөнелтушінің ақшасын алды (банк есепшотын дебеттеді);

3) бенефициар банкі бенефициардың банк есепшотын кредиттеу жолымен бенефициарға ақша аударымын жүзеге асырды;

4) жөнелтуші бенефициар банктен акцепт туралы немесе акцептен бас тартқаны туралы банк бенефициардың төлем тапсырмасын алған күннен кейін үш жұмыс күні ішінде алмағанда (үндемегені туралы);

5) Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заңдарда қарастырылған немесе бенефициар банк арасындағы кейбір жағдайларда.

63. Жөнелтуші мен алушы-банк арасындағы шартта акцептін төлем тапсырмасы қабылданған кезде болу мүмкіндігі де қарастырылады.

ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 2013.26.04. № 117 Қаулысымен 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

3. Төлем тапсырмасының акцептінен бас тарту

ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 2013.26.04. № 117 Қаулысымен 64-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

64. Алушы-банк акцептің төлем тапсырмасынан бас тартуы мынадай жағдайда жүргізіледі:

1) жөнелтуші ақша аударымын жүзеге асыру үшін қажетті ақша сомасымен қамтамасыз етпегенде;

2) егер төлем тапсырмасының қолдан жасалғандық белгілері болса, соның ішінде, егер төлем тапсырмасы жөнелтуші мен алушы-банк арасындағы шартта көрсетілген санкцияланбаған төлемдерден қорғау тәртібі бұзылып берілгенде;

3) осы Нұсқаулықта, Төлемдер туралы [заңда](#), № 388 [Қағидаларда](#), Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1148 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банк Басқармасының «Қазақстан Республикасында ақша төлемі мен аударымын жүзеге асырған кезде электронды құжаттар алмасу ережесін бекіту туралы» 2000 жылғы 21 сәуірдегі № 146 [қаулысында](#), сондай-ақ жөнелтуші мен алушы-банк арасындағы шарт талаптарында белгіленген жөнелтуші төлем тапсырмасын құрастыру және төлем тапсырмасын көрсету тәртібіне қойылатын талаптарын сақтамаған кезде;

4) Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заңдардың басқа да талаптарын және (немесе) шарт жағдайларын сақтамағанда.

Акцептеудің төлем тапсырмасынан бас тартқан алушы-банк төлем тапсырмасын алған күні, үш жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша немесе электронды хабарлама жібереді.

Бас тарту туралы хабарламаны жіберу тәртібі алушы-банк пен жөнелтуші арасындағы шартта көрсетілуі қажет. Акцептен бас тарту күні деп хабарламаның жіберілген күні саналады.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.12.00 ж. № 488 Қаулысымен 65-тармақ өзгертілді

65. Акцептің төлем тапсырмасын орындау мүмкін емес жағдайлар:

1)

2) егер бенефициар банк алған төлем тапсырмасында көрсетілген бенефициар деректемелері осы бенефициарға бірдейлестірілмегенде.

66. Егер алушы-банк бенефициар банк болып саналмаса, төлем тапсырмасын орындамайды, мұндайда жөнелтушінің банк есепшотында алушы-банктің төлем жасауға жеткілікті ақша сомасы болып және алушы-банк акцептен бас тарту туралы мерзімінде уақтылы хабарламаса, алушы-банк жөнелтушіге өзара шартта көрсетілген мөлшерде, егер Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заңдарға қайшы келмесе, аударым ақша сомасынан айыппұл төлеуге міндетті.

Егер алушы-банк негізсіз акцептің төлем тапсырысынан бас тартса, онда ол жөнелтуші мен алушы-банк арасындағы шартта көрсетілгендей, немесе Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заңдармен жауап береді.

ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 2013.26.04. № 117 Қаулысымен 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

4. Акцептелген төлем тапсырысы бойынша төлем

67. Жөнелтуші алушы-банктің акцептелген төлем тапсырмасы сомасына төлем жүргізуге міндетті және, оны орындауға немесе өзара шартқа сәйкес, санкцияланған өтем тапсырысынан бас тартуына байланысты қаражатын өтейді. Мұндай жағдайда төлем жүргізу міндеті алушы-банктің жөнелтуші төлем тапсырмасын орындау кезінен басталады.

68. Алушы-банк жөнелтушінің банк есепшотын дебеттеген жағдайда, жөнелтушінің алушы-банкке төлемі жүргізіледі.

ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 2013.26.04. № 117 Қаулысымен 69-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

69. Егер жөнелтуші банк болса, онда төлем мынадай жолдармен жүргізіледі:

- 1) жөнелтушінің корреспонденттік есепшоты алушы-банкте кредиттелсе және оған көшірмесі жіберілсе;
- 2) жөнелтушінің корреспонденттік есепшоты алушы-банкте дебеттелсе;
- 3) жөнелтушінің корреспонденттік есепшоты және Ұлттық Банктегі алушы-банкі арқылы төлемді жүзеге асырса;
- 4) төлем жүйесі арқылы төлемді жүзеге асыру;
- 5) жөнелтуші мен алушы-банк арасындағы екі жақты келісімге сәйкес, өзара есепке алынып төлем жүргізгенде.

ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 2013.26.04. № 117 Қаулысымен 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

5. Алушы-банктің төлем тапсырмаларын орындау кезіндегі іс-қимылы

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.12.00 ж. № 488 Қаулысымен 70-тармақ өзгертілді

70. Жөнелтушінің төлем тапсырмасын акцептеген Алушы-банк оны Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына және төлем тапсырмасының өзінде көрсетілген талаптарға сәйкес орындайды.

71. Егер жөнелтушінің төлем тапсырмасында басқадай көрсетілмесе, онда алушы-банк оның төлем тапсырмасын делдал банктің онан әрі орындауына жіберуге құқылы.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2006.12.08. № 74 Қаулысымен 72-тармақ жаңа редакцияда (бұр. ред. қара)

72. Төлем тапсырмасын орындау мүмкін болмаған жағдайда, делдал банк ақша жіберушінің банкіне бұл жөнінде осындай нұсқау алған күннен кейінгі келесі операциялық күннен кешіктірмей олардың арасындағы шартта белгіленген тәсілмен хабарлайды және оған төлем тапсырмасы негізінде ақшаны қайтарады.

73. Егер алушы-банк жөнелтушіден тиісті өкілеттік алмаса, онда оның құқығы жоқ:

1) жөнелтушінің төлем тапсырмасын орындауға байланысты келтірген қызметі мен шығындарына берілетін комиссиялық соманы осы төлем тапсырмасы сомасынан ұстау арқылы төлеттіруге;

2) келесі алушы-банкке төлем тапсырмасы сомасы есебінен комиссиялық төлеттіру құқын беруге.

ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 2013.26.04. № 117 Қаулысымен 74-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

74. Алушы-банк, жөнелтуші төлем тапсырмасын анықтаған, делдал-банкті анықтаған, аударымды жүзеге асыру мүмкін еместігін, дәлелдеген осы Нұсқаулықта көзделген, егер осы төлем тапсырмасының мерзімі өткенше, ол жөнелтушіден алдағы іс-әрекеттерін сұрап, оған төлем тапсырмасын орындауға не істейтінін көрсеткен төлем тапсырмасын орындауға не істейтінін көрсеткен өз міндеттерін орындаған болып есептеледі.

ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 2013.26.04. № 117 Қаулысымен 75-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

75. Егер алушы-банк төлемді орындауда осы Нұсқаулықтың талабын бұзғандықтан бенефициардың ақша аударымы кешігуіне әкеп соқса, онда банк, көрсетілген кешіктіруге тікелей кінәлі ретінде, араларындағы шартта немесе 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының **Азаматтық Кодексінде** (Жалпы бөлім) көзделген тұрақсыздық айыбын қатысушыға (қатысушыларға) төлейді.

76. Егер тапсырманы орындау кезіне дейін алушы-банк Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заң актілері талаптарына сәйкес, тәртіп бойынша бірінші кезектегілерді орындауға міндетті, сонан кейін жөнелтушінің банк есепшотында тапсырманы орындауға қажетті ақша сомасы жоқ болса, алушы-банктің төлем тапсырмасын орындауға және оның акцептінен бас тартуға құқылы.

Мұндайда бұл банк жөнелтушінің төлем тапсырмасын орындамады деген жауапкершіліктен босатылады.

ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 2013.26.04. № 117 [Қаулысымен](#) 5-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда ([бұр.ред.қара](#))

6. Валюталау күніндегі төлем тапсырмалары

77. Акцептік төлем тапсырмасындағы шарттардың бірі валюталау күні белгіленгенде алушы-банк жөнелтушінің банктік есепшотынан олардың акцептелген төлем тапсырмасы көлемінде ақша сомасын алуға құқы бар.

Мұндай жағдайда алушы-банк осындай операцияларды бөлек немесе бөлек жеке есепшоттарда (субпозицияларда) жүргізеді.

ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 2013.26.04. № 117 [Қаулысымен](#) 78-тармақ жаңа редакцияда ([бұр.ред.қара](#))

78. Валюталау күнінде мерзімді төлем тапсырмасын орындау мақсатында алушы-банк тапсырмасын, жөнелтушінің төлем тапсырмасы жағдайына сәйкес, сол мерзімде, келесі делдал-банк немесе бенефициар банкке осы Нұсқаулықпен жүктелген міндеттердің мұндай тапсырмасын орындауға жеткілікті уақыт бөліп жібереді.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.24.08. № 266 [Қаулысымен](#) 6-тарау жаңа редакцияда ([бұр.ред.қара](#)); ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 2013.26.04. № 117 [Қаулысымен](#) 6-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда ([бұр.ред.қара](#))

7. Жөнелтушінің және алушы-банктің қате нұсқауды орындау кезіндегі іс-қимылдары

79. Жөнелтушінің нұсқауын орындау мақсатында алушы-банк жіберген нұсқау, егер ол нұсқау:

- 1) жөнелтуші нұсқауының деректемелеріне сәйкес келмейтін деректемелерден тұрса;
- 2) қайта жіберілсе, қате болып саналады.

80. Жөнелтушінің нұсқауын орындау мақсатында берілген нұсқауды жіберген кезде алушы-банк жөнелтушіге оның нұсқауының шартта көзделген тәртіпте орындалғаны туралы хабарлайды.

80-1. Бенефициардың банкі жөнелтушінің нұсқауын орындау қателігін анықтаған кезде бенефициардың банкі нұсқаудың қате орындалғанын анықтаған күннен бастап келесі операциялық күннен кешіктірмей ақшаны қайтарады.

81. Жөнелтуші нұсқаудың дұрыс орындалуын анықтайды және ол қате орындалған жағдайда қате нұсқаудың орындалуын анықтағаннан кейін үш жұмыс күні ішінде, бірақ қате нұсқау орындалған күннен бастап үш жылдан кешіктірмей анықталған қате туралы алушы-банкке хабарлайды.

Қате нұсқау туралы хабарламада жөнелтуші өз нұсқауының деректемелерін және анықталған қате деректемелерді көрсетеді.

82. Алушы-банк жөнелтушіден нұсқаудың қате орындалғаны туралы хабарлама алғаннан кейін үш операциялық күннен кешіктірмей:

1) жөнелтуші нұсқауының деректемелеріне сәйкес келмейтін деректемелері бар қате нұсқау бойынша тиісті бенефициардың пайдасына нұсқау жібереді немесе жөнелтушіге төлемнің бүкіл сомасын қайтарады;

2) қайта жіберілген қате нұсқау бойынша қате алынған соманы жөнелтушіге қайтарады.

Бенефициардың банкі ақша сомасын алушы-банк хатының негізінде тапсырма жасау жолымен қайтарады, оның «төлем мақсатында» бенефициардың банкі ақшаны қайтару себептерін көрсетеді.

83. Егер нұсқаудағы қатені жөнелтуші жасаса, алушы-банк осындай орындалған нұсқау бойынша жауапкершілік атқармайды.

83-1. Қате нұсқау бойынша ақшаны бенефициардың банкі бенефициардың ақша қате аударылған банк шотынан акцептсіз ақша алу жолымен қайтарады.

83-2. Қате нұсқау бойынша ақшаны бенефициардың банкі бенефициардың банк шотындағы ақшаның есебінен, оның ішінде, егер банк шоты бойынша банк шотындағы ақшаға тыйым салу және/немесе банк шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы уәкілетті мемлекеттік органның немесе лауазымды адамның шешімдері және/немесе белгісіз мерзімде орындалуы тиіс орындалмаған нұсқаулар болған жағдайда, қайтарады.

83-3. Бенефициардың банк шотында ақша жеткіліксіз не болмаған жағдайда қате нұсқау бойынша ақшаны осындай нұсқауға жол берген жөнелтуші өз ақшасы есебінен бенефициардың банкінен бенефициардың банк шотында ақшаның жоқ екендігі не жеткіліксіздігі туралы хабарлама алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қайтарады.

ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 2013.26.04. № 117 [Қаулысымен](#) 7-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

8. Делдал банкті немесе бенефициар банкті сәйкестендіру

84. Жөнелтушінің төлем тапсырмасын орындағанда алушы-банк делдал банкті немесе бенефициар банкті бірдейлестіргенде оларды тек төлем тапсырмасында көрсетілген бірдейлестіру коды арқылы ғана айырады. Төлем тапсырмасында көрсетілген банктің нақты атауына сәйкес оның банктік бірдейлестіру кодын анықтау алушы-банк міндетіне жатпайды.

85. Егер алушы-банк төлем тапсырмасын орындағанға дейін жөнелтушіден банк атауының банктік бірдейлестіру кодына сәйкес еместігі туралы хабарланса, онда алушы-банк төлем тапсырманы жөнелтушіге орындамай қайтарады.

ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 2013.26.04. № 117 [Қаулысымен](#) 8-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

9. Бенефициар банктің төлем тапсырмасының акцепті кезіндегі іс-қимылы

86. Төлем тапсырмасының акцепті кезіндегі бенефициар банк төлем тапсырмасында көрсетілген ақша сомасын бенефициардың пайдасына қабылдайды. Банк бенефициар валюталау күніне төлем жасағанда, олардың акцептелген төлем тапсырмада көрсетілген немесе, егерде акцепт тапсырмасы күніне басқаша көрсетілмесе ғана төлем жасайды.

ҚР ҰБ Басқармасының 27.10.03 ж. № 372 (бұр. ред. қара); 24.01.04 ж. № 13 (бұр. ред. қара); 2007 ж. 30 сәуірдегі № 50 (бұр. ред. қара); 2007.20.07 № 76 (2010 жылғы 13 тамыздан бастап қолданысқа енгізілді); 2010.20.08. № 76 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізілді, ал оның күші 2010 жылғы 13 тамыздан бастап туындаған қатынастарға қолданылады) қаулыларымен 87-тармақ өзгертілді; ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2011.01.07. № 65 [Қаулысымен](#) (2012 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2012.26.03. № 108 [Қаулысымен](#) (алғашқы жарияланған күнінен кейін он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) (бұр.ред.қара); 2013.26.04. № 117 [Қаулысымен](#) (бұр.ред.қара) 87-тармақ өзгертілді

87. Айрықша негізде акцептен бас тартуға немесе банк бенефициардың төлемді орындауын кідіруге, бенефициар пайдасына шешілген ақшаның дұрыс еместігі туралы банкке негіздеме болған фактілер қызмет етеді, сәйкес келмеген жағдайда, қазынашылықтың аумақтық бөлімшелерінің осы Нұсқаулықтың [22-1-тармағында](#) көзделген төлем құжаттары бойынша:

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.26.03. № 108 [Қаулысымен](#) екінші абзац жаңа редакцияда (2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

бенефициардың хабарламада көрсетілген деректемелері (атауы, ЖСН (БСН), ЖСК) төлем құжатында көрсетілген деректемелерге, оның ішінде «төлем мақсаты» бағанында көрсетілген хабарлама нөміріне сәйкес келмеуі;

төлемнің «ағымдағы» немесе «түпкілікті» мәртебесінің болмауы;

банкте сақталатын хабарламаның келесі бетінде банктің «түпкілікті» мәртебесімен төлемді жүзеге асырғандығы жөнінде белгісі болғанда;

егер бір хабарлама бойынша келіп түскен барлық төлем құжаттарының жалпы сомасы хабарламада көрсетілген сомадан асатын болса.

Ондай фактілер бенефициар банкте дәлелденбесе, өзара шартта көрсетілген немесе Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында көзделген мөлшерде осы банк бенефициарға ақша аударуды кешіктіргені үшін тұрақсыздық айыбын төлейді.

Жоғарыда көрсетілген фактілер дәлелденген жағдайда (санкцияланбаған төлем тапсырмасы табылғанда) бенефициар банкі аударымнан түскен ақшадан бенефициар пайдасына ақша бөлуге міндетті емес.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2004.13.11. № 150 [Қаулысымен](#) 87-1 тармақпен толықтырылды; ҚР ҰБ Басқармасының 2005.27.08. № 95 (бұр. ред. қара); 2009.24.08. № 85 (бұр. ред. қара) қаулыларымен 87-1-тармақ өзгертілді

87-1. Қазақстан Республикасының заң актілерімен рұқсат етілген көздерден кәсіби одақтарды қаржыландыруды қоспағанда, резидент еместерден, шет мемлекеттерден, діни бірлестіктерден және қайырымдылық ұйымдарынан саяси партиялар мен кәсіподақтардың пайдасына тауарлар жеткізу (жұмыс, қызмет көрсету) жөніндегі шарттарды (келісім-шарттарды) орындауға байланысты емес операциялар бойынша ақша, оның ішінде шетел валютасы түскен жағдайда, бенефициардың банкі төлем тапсырмасын акцептеуден бас тартады.

88. Төлем тапсырмасын акцептеуден бас тартқанда бенефициар банк жөнелтуші банкке бас тартудың себебі туралы тапсырма алған күннен бастап, үш жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлама жібереді.

ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 2013.26.04. № 117 [Қаулысымен](#) 9-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

10. Төлемді бенефициардың пайдасына орында

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2011.30.05. № 52 [Қаулысымен](#) 89-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

89. Акцептелген төлем тапсырмасына сәйкес бенефициар пайдасына ақша қабылдаған кезде бенефициар банкі төлем күнінен кейінгі операциялық күннен кешіктірмей оған ақшаның қабылданғаны туралы хабарлайды. Бұл талапты банк орындамағаны үшін жауапкершілік банк пен бенефициар арасындағы шартта белгіленуі мүмкін. Бенефициар банкі бенефициарға банк шотының көшірме-үзінділерін және қағаз тасымалдауышта орындалған не шарт талаптарына сәйкес электрондық түрдегі төлем тапсырмасын ұсыну арқылы бенефициарға хабарлауы мүмкін.

90. Бенефициар банктің бенефициар алдындағы ақша аудару бойынша міндеті, ақша аударылып біткен кезде саналады.

4-бөлім. Дебеттік аударымдар

ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 2013.26.04. № 117 [Қаулысымен](#) 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

1. Дебеттік аударымдарды жүзеге асыру

91. Қазақстан Республикасында дебеттік аударымдар мынадай дебеттік құжаттарды пайдалану арқылы жүргізіледі:

1) чек;

- 2) төлемдік талап-тапсырма;
- 3) инкассалық өкім (соның ішінде салық қызметі мен кеден органдарының инкассалық өкімдері);
- 4) вексель.

Ақша төлемі мен аударымы дебеттік аударымдарда бенефициардың төлемге көрсеткен төлемдік құжат негізінде жүргізіледі.

92. Қазақстан Республикасы аумағында векселдер мен чектерді ақша төлемі әдісінде жүзеге асыру, Қазақстан Республикасы заң актілеріне сәйкес, және Ұлттық Банктің вексель айналымы мен чектерді пайдалану туралы нормалық құқықтық актілерімен реттеледі.

ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 2013.26.04. № 117 Қаулысымен 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

2. Төлем құжаттарын ақы төлеуге ұсыну

93. Төлемдік талап-тапсырма немесе инкассалық өкім негізінде бастамашы ақша төлемін алу үшін оларды бенефициар банкке немесе ақшаны жөнелтуші банкке көрсетуге құқы бар.

94. Бастамашы, оның ішінде бенефициар, төлемек талап-тапсырма немесе инкассалық өкімді бенефициар банкке жібергенде, осы банкке ақша төлемі құжаттары бойынша және соған байланысты барлық операцияны жүргізуге өзара шартқа сәйкес өкілдік береді.

Бенефициар банк төлемдік талап-тапсырма немесе инкассалық өкімді қабылдай отырып, инкассалық банк міндетін де атқарады.

ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 2013.26.04. № 117 Қаулысымен 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

3. Инкассалайтын банктің іс-қимылы

95. Инкассалайтын банктің міндеттері инкассаға қабылдаған төлемдік талап-тапсырма немесе инкассалық өкім тек шарт негізінде, бенефициармен жасалған немесе қолданылып жүрген заң нормаларына сәйкес туындауы мүмкін. Мұндайда инкассалық банк өзіне мынадай міндеттемелер алады:

1) төлемдік талап-тапсырма немесе инкассалық өкімді төлемге немесе акцептке әрі қарай көрсетуге;

2) бастамашыға, оның ішінде бенефициарға, акцептен немесе төлемнен бас тартуды беруге, төлемдік талап-тапсырманы немесе инкассалық өкімді оны жөнелтушіге қайтаруға;

3) бастамашыны, оның ішінде бенефициарды төлемдік талап-тапсырманың немесе инкассалық өкімнің күшін жоғалғаны туралы хабарлауға.

ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 2013.26.04. № 117 Қаулысымен 96-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

96. Осы Нұсқаулықтың **95-тармағына** сәйкес, міндеттеме қабылдай отырып, инкассалық банк төлемдік талап-тапсырманы немесе инкассалық өкімді бастамашыдан алған соң келесі операциялық күннен кешіктірмей қажетті операцияларды орындайды.

97. Инкассалайтын банк бастамашыдан инкассаға төлемдік талап-тапсырманы немесе инкассалық өкімді қабылдауды инкассалық банк операциялық күн бойына жүргізеді.

Инкассалайтын банк инкассаға жоғарыда көрсетілген төлем құжаттарын қабылдаған жағдайда тізілімді барлық даналарына олардың түскен күндері мен уақыты қойылып белгіленеді.

Ақша жөнелтуші банк төлемдік талап-тапсырманы немесе инкассалық өкімді алған күні мен уақытын тікелей осы құжаттарға қояды.

ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 2013.26.04. № 117 Қаулысымен 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

4. Акцепт және төлемдік талап-тапсырманы төлеу

98. Ақша жөнелтушінің төлемдік талап-тапсырманы акцептеуі, ақша жөнелтушінің акцептеуін талап етпейтін төлемдік талап-тапсырманы қоспағанда, оның төлем талап-тапсырмасын осы нұсқаудың талаптарына сәйкес төлеуге келісімін білдіреді.

Ақша жөнелтушінің төлемдік талап-тапсырманы акцептеуі немесе акцептеуден бас тартуы Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес төлемдік талап-тапсырма алғаннан кейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей жасалуы тиіс.

99. Ақша жөнелтуші төлемдік талап-тапсырманы акцептпен және банкіге төлемдік талап-тапсырманы акцепт туралы белгімен жібереді.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.12.00 ж. № 488; 2005.27.08. № 95 (бұр. ред. қара); 2009.24.08. № 85 (бұр. ред. қара) қаулыларымен 100-тармақ өзгертілді; ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2011.30.05. № 52 Қаулысымен 100-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара); ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.24.08. № 266 Қаулысымен 100-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

100. Акцептеуді талап етпейтін төлемдік талап-тапсырманы банк жасалған банк қарызы шартына, кредиттік желі ашу туралы келісімге немесе қарыз операциясы не кепілдік беру фактісін растайтын өзге құжатқа сәйкес қарыз алушының қарыз бойынша мерзімі өткен берешегі болған жағдайда, қарыз алушыдан, кепілгерден берешекті өндіріп алу үшін ұсынады және көрсетілген құжаттардың түпнұсқаларымен не нотариат куәландырған көшірмелерімен қоса ақша жөнелтушінің банк шотынан акцептсіз ақша алуға оның келісімі бар құжаттарды қоса бере отырып, ақша жөнелтушінің банкіне ұсынылады.

Ақша жөнелтушінің акцептің талап етпейтін төлемдік талап-тапсырма:

1) атқару органы мүшесінің не заңды тұлғаның уәкілетті лауазымды адамдарының қолымен осы адамдардың төлем құжаттарына қол қоюға өкілеттіктерін растайтын құжаттың көшірмесімен қоса;

2) заңды тұлға филиалы және өкілдігі басшысының қолымен оның төлем құжатына қол қоюға өкілеттіктерін растайтын сенімхаттың көшірмесімен қоса ұсынылады.

Ақша жөнелтушінің келісімінсіз оның банк шотынан ақша алу бойынша өндіріп алушының құқығы бар бір құжат негізінде төлемдік талап-тапсырмаларды алғаш ұсынған сәттен бастап бір жыл ішінде олардың бірнешеуі ұсынылған жағдайда, банкке төлемдік талап-тапсырманың әрбір кейінгісін көрсетілген құжаттың түпнұсқадан не бастапқы ұсынылған нотариат куәландырған құжаттан алынған көшірмесінен алынған көшірмесімен қоса және осы тармақтың 1) немесе 2) тармақшаларында көрсетілген құжаттың көшірмесін қоса бермей ұсынуға болады.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 18.01.02 ж. № 20 Қаулысымен 101-тармақ өзгертілді

101. Ақша жөнелтуші төлемдік талап-тапсырмасын акцептеуден Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген және ол және бенефициар арасында жасалған шарт негізінде бас тартуға құқығы бар.

Мұндайда ақша жөнелтуші ақша жіберушінің банкіне бас тарту туралы өтініш жібереді, онда міндетті түрде шарттың акцептен ақша жөнелтушінің бас тарту құқығы қарастырылған тармағына сілтеме жасап, бас тарту себебін көрсетіп немесе басқа да заңға негізделген міндетті түрде сілтеме жасалуы тиіс.

Банктер акцептен бас тартудың талас негіздемелеріне қарамайды.

102. ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.12.00 ж. № 488 **Қаулысымен** алып тасталды

103. Ақша жөнелтушінің банк төлемдік талап-тапсырманы, ақша жөнелтушінің акцептің талап етпейтін төлемдік талап-тапсырманы қоспағанда, тек ақша жөнелтушінің акцепті негізінде ақша жөнелтушінің есепшотын дебеттеу жолымен ғана акцептейді.

104. Ақша жөнелтуші банк оларға акцептелген төлемдік талап-тапсырмасын бенефициар есепшотын немесе банк бенефициардың корреспонденттік есепшотын кредиттеу жолымен, әрі қарай бенефициар пайдасына ақша аударымын орындайды.

ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 2013.26.04. № 117 Қаулысымен 5-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

5. Ақша жөнелтуші банктің іс-қимылы

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 18.01.02 ж. № 20 Қаулысымен 105-тармақ жаңа редакцияда; ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 2013.26.04. № 117 Қаулысымен 105-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

105. Ақша жіберушінің банкі төлемдік талап-тапсырманы алған кезде осы төлемдік талап-тапсырманың әр данасында алған күні туралы белгі қояды. Ақша жіберушінің банкі төлемдік талап-тапсырмаларды тіркеу журналында келіп түскен төлемдік талап-тапсырмалардың есебін жүргізеді. Журналдың нысанын, оны жүргізу әдісін және журналда көрсетілетін төлемдік талап-тапсырманың деректемелерін банк өз бетінше белгілейді.

Төлемдік талап-тапсырмаларды осы Нұсқаулықтың **33-тармағына** сәйкес тізілім бойынша ұсынған жағдайда, алған күні туралы белгіні осы тізілімде қойылады.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 18.01.02 ж. № 20 Қаулысымен 106-тармақ толықтырылды

106. Жұмыс күнінен кешіктірмей, келесі күні төлемдік талап-тапсырманы алғанда, ақша жөнелтуші банк төлемдік талап-тапсырманың данасын ақша жөнелтушіге қағаз (жазбада) тасушыда немесе электронды нысанда, ақша жөнелтуші мен оның банкпен акцепті және төлемі туралы электронды қызметке келісіміне сәйкес береді.

Төлемдік талап-тапсырманы беру тәсілін ақша жіберуші мен ақша жіберушінің банкі арасындағы шартпен белгілеуге болады.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.12.00 ж. № 488 Қаулысымен 107-тармақ өзгертілді; ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 18.01.02 ж. № 20 Қаулысымен 107-тармақ жаңа редакцияда

107. Ақша жіберушінің банкі төлемдік талап-тапсырманы алған күннен бастап отыз күнтізбелік күн өткеннен кейін ақша жіберушіден төлемдік талап-тапсырма акцептінен не акцептелген төлемдік талап-тапсырмадан бас тартуды алмаған жағдайда ақша жіберушінің банкі төлемдік талап-тапсырманы қайтару себебі көрсетілген хабарламамен бірге төлемдік талап-тапсырманы жіберушіге қайтаруға құқылы.

